# Тәрбие сағаты

# Ұлттық тағамдар

## Мақсаты:

Оқушының ұлттық тағамға деген қызығушылығын ояту, ойын түйе білуге үйрету

Ұлттық тағамдар туралы түсініктерін дамыту, салт-дәстүрлерді сыйлауға дәріптеуге тәрбиелеу

Әдісі: Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану, сахналау.


Оқу-жазу орталығы
Ғылыми орталық
Өнер орталығы


Оқу-жазу орталығы
Ұлттық тағамдардың қандай түрлерін білесіңде
Қызығушылықты ояту сатысы бойынша “Ой шақыру” стратегиясы
Өздерің білетін кез-келген ұлттық тағамдарды жазыңдар
“Ой толғаныс” сатысы бойынша топтастыру стратегиясы
Хор: “Дастархан әні” Дастарханға қойылатын
Асқа берілетін бата айту
Сұрақ қою стратегиясы


Жеміс
Сүт
Балық
Ұлттық тағамдар
Дән
Ұн
Сорпа

## Ғылыми орталық

***I топ: "Сүт тағамдары"***
***II топ: "Ет тағамдары"***
***III топ: "Нан тағамдары"***

## "Мағынаны тану" сатысы

***1.Әр топ білетіндерін ортаға салу***

***2.Жарнама***

***3.Тағамдарға Байланысты ырым-тыйымдар***

***4.Ата-аналардан қосымша көмек***

## Өнер орталығы

***"Бауырсақ" ертегісін сахналау***

# Қорытынды бөлім

- Тамақтану тәртібі:
- 1.Тамақтану алдында және соңында қол жуылады.
- 2.Тамақ ең бірінші үлкен кісінің алдынан бастап қойылады.
- 3. Дастархан басына отырған соң, “бисмиллаһи рахмани рахим” деп нанды сындырып ауыз тигеннен кейін басқа тағамды жейді.
- 4. Тамақты аз-аздан алып, асықпай шайнап жеу керек.
- 5.Тамақты шынтақтап, жатып немесе түрегеп тұрып жеуге болмайды.
- 6. Бейіт басында немесе жанында тамақ жеуге болмайды.
- 7.Қонақты тамаққа зорлауға болмайды.
- 8.Тамақтану кезінде әңгіме айтуға болмайды.
- 9. “Тамақ күйген”,”Шала піскен” деп айтып, тамақты сынауға болмайды
- 10. Тамақтану соңында ас қайырылып, бата беріледі. Үй иесіне жақсы тілек айтылады.

## Астың пісуіне байланысты қазақша уақыт өлшемдері

- Ас пісірім- 2-3 сағаттық мезгілді білдіретін өлшем.
- Ет пісірім-асқан ет пісетіндей уақыт
- Ет қайнатым- қазанға салған ет қайнайтындай мерзім.
- Қайнам-қазанның қайнау уақытының өлшемі.
- Сүт пісірім- өте қысқа мерзімді білдіреді.

***Ас- адамның арқауы***
***Аспен күш артады.***
***Тағам іш жағымды***
***Тазартар жаныңды-дей келе ұлттық***
***тағамдарымызды қастерлей отырып,***
***дастарханымызда әр уақытта молшылық болып,***
***нанымыз көп, әніміз асқақ, берекелі бірлікте, ынтымақ***
***пен байлықта тіршілік кешейік деп бүгінгі***
***“Ұлттық тағамдар” атты тәрбие сағатымызды***
***аяқтаймыз!***

# Рефлексия

Не ойыңнан шықты? Не ойыңнан шықпады? Неліктен? Келешекте нені ескеру керек?

